

Ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 134 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығын іске асыру мақсатында және "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыруға ақшалай қаражат ұсыну ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2005 жылғы 10 ақпандағы
N 134 қаулысымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыруға ақшалай қаражат ұсыну ережесі

1. Жалпы шарттар

1. Осы Ереже 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 043 "Ауыл шаруашылығын институционалды дамыту" бюджеттік бағдарламасының 101 "Ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыру" кіші бағдарламасы бойынша көзделген

8950000000 (сегіз миллиард тоғыз жүз елу миллион) теңге сомасында ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыруға бағытталатын ақшалай қаражат (бұдан әрі - Қаражат) ұсынудың тәртібін айқындайды.

2. Ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыруға Қаражат ұсыну

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Ауылшармині) ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыруға Қаражат ұсыну заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Ауылшармині "ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Қоғам) ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыруға пайдалануға жататын Қаражатты ұсынуды заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту жөніндегі іс-шараларды өткізу арқылы қамтамасыз етеді.

4. Қоғам ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыруға бөлінген Қаражатты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі кредит саясатына сәйкес мынадай мақсатта пайдаланады:

1) 2000000000 (екі миллиард) теңге - дербес машина-технологиялық станцияларды (сервис-орталықтарын) (бұдан әрі - МТС) қаржыландыруға, сондай-ақ Қоғам бұрын құрған МТС-терді қаржыландыруды ықтимал жалғастыруға. Қоғамның МТС-терді қаржыландыруы 7 жылға дейінгі мерзімге жылдық 2 пайызға дейін сыйақы ставкасымен және МТС-тердің Қоғам алдындағы міндеттемелері екінші деңгейдегі банктердің кепілдіктерімен қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылуы тиіс;

2) 1000000000 (бір миллиард) теңге - кейіннен лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін жабдықтарды (бұдан әрі - Жабдықтар) сатып алу, Жабдықтарды сатып алу мен жеткізуге байланысты (оның ішінде: Жабдықтарды кедендік ресімдеуге және тазалауға, тиеуге, түсіруге, жинауға байланысты) шығыстарды өтеу мақсатына. Жабдықтардың лизингі 7 жылға дейін мерзімді құрауы тиіс, лизинг бойынша сыйақы ставкасы жылдық 4 пайызға дейін ;

3) 5950000000 (бес миллиард тоғыз жүз елу миллион) теңге - кейіннен лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын, технологиялық жабдықтар және мал шаруашылығы субъектілері үшін арнайы техника (бұдан әрі - Техника) сатып алу, Техниканы сатып алу мен жеткізуге байланысты (оның ішінде: Техниканы кедендік ресімдеуге және тазалауға, тиеуге, түсіруге, жинауға

байланысты) шығыстарды өтеу мақсатына. Техниканың лизингі 7 жылға дейін мерзімді құрауы тиіс, лизинг бойынша сыйақы ставкасы жылдық 4 пайызға дейін

3. Қаражаттың пайдаланылуын бақылау

5. Ауылшармині ауыл шаруашылығы өндірісіне техникалық қызмет көрсету жөніндегі инфрақұрылымды ұйымдастыруға бағытталатын Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК